

**Медициналық
қалдықтардың
жіктелуі**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 31 мамырдағы 357 бұйрығында медициналық қалдықтар туралы мәлімет берілген.

Медициналық қалдықтарды қауіпсіз жинауға және кәдеге жаратуға арналған контейнер (ҚЖКЖК)- өткір және үшкір медициналық қалдықтарды жинауға және қауіпсіз кәдеге жаратуға арналған су өткізбейтін және тесілмейтін, бір рет қолданылатын сыйымдылықтар.



- Қалдықтардың әрбір сыныбын жинау үшін қаптардың, пакеттердің, сыйымдылықтардың түсі әртүрлі болып келеді:

- ❖ А сыныбы – қара
- ❖ Б сыныбы – сары
- ❖ В сыныбы – қызыл
- ❖ Г сыныбы – ақ
- ❖ Д сыныбы - түссіз



А сыныбы

А сыныбының медициналық қалдықтарын жинау сыйымдылықтарда немесе бір реттік қолданылатын пакеттерде жүзеге асырылады. Бір реттік қолданылатын пакеттер арнайы арбаларда немесе сыйымдылықтың ішінде орналасуы тиіс. Толтырылған сыйымдылықтар немесе бір реттік қолданылатын пакеттер контейнерлер орнатылған жерге жеткізіледі және аталған кластың қалдықтарын жинауға арналған контейнерлерге тиеледі яғни қауіпті қасиеттері жоқ қалдықтар болып табылады.



Б сыныбы

Б сыныбындағы медициналық қалдықтар – эпидемиялогиялық қауіпті медициналық қалдықтар. Қанмен және басқада биологиялық сұйықтықтармен ластанған материалдар және аспаптар, заттар. Мысалы: инфекциялық бөлімшелердің тамақ қалдықтары жатады.

Б класына жататын медициналық қалдықтармен бір реттік қолданылатын пакеттің үштен екі бөлігі толтырылғаннан кейін, осы медициналық бөлімшедегі медициналық қалдықтарды жинауға жауапты қызметкер оларды байлайды. Пакетпен жүргізілетін барлық жұмыстар дәкелік бетперде және резеңке қолғап киіп жүргізіледі.



В сыныбы

В сыныбындағы медициналық қалдықтар – төтенше эпидемиялогиялық қауіпті медициналық қалдықтар. Аса қауіпті және каратиндік инфекциялық аурулармен ауыратын науқастармен жанасқан қалдықтар. Мысалы :
Туберкулезбен ауыратын науқастардың қалдықтары жатады.



Г сыныбы

Г сыныбындағы медициналық қалдықтар – токсикологиялық қауіптіі медициналық қалдықтар. Құрамаында сынап бар заттар , аспаптар мен жабдықтар.



Д сыныбы (түссіз)

Д сыныбындағы медициналық қалдықтар – Радиоактивті медициналық қалдықтар. Құрамында Радиоактивті заттар бар.

Д класына, мынадай нысандарда:

- 1) диагностикалық зертханаларда (бөлімшелерде);
- 2) радиоизотоптық зертханаларда;
- 3) рентген кабинеттерінде түзілетін медициналық қалдықтар жатады.

Медициналық мекемелердегі
медициналық
қалдықтарды жинауға,
уақытша сақтауға,
тасымалдауға
және қойылатын санитарлық –
эпидемиялогиялық талаптар



Медициналық қалдықтарды жинау, залалсыздандыру, сақтау және денсаулық сақтау объектілерінен шығару денсаулық сақтау объектісінің басшысы бекіткен қалдықтармен жұмыс істеу бағдарламасына сәйкес орындалады, ол:

- Сыныптарды бойынша пайда болатын қалдықтардың құрамын
- Медициналық қалдықтардың жинау тәртібін
- Қалдықтардың зарарсыздандырудың және жоюдың қолданылатын тәсілдерін
- Қалдықтармен жұмыс істеу схемасын
- Персоналды қалдықтармен жұмыс істеу кезінде эпидемиялық қауіпсіздік қағидаларына оқытуды көздейді;


А сыныбы медициналық қалдықтарын жинауға мынадай талаптар қойылады:

- ✓ Жинау көп рет қолданылатын сыйымдылықтарда немесе бір рет қолданылатын пакеттерде жүзеге асырылады.
- ✓ Бір рет қолданылатын пакеттер арнайы – арбаларда немесе көп рет қолданылатын сыйымдылықтардың ішінде орналасады.
- ✓ Қалдықтарды жинауға арналған сыйымдылықтар мен арбаларда “Медициналық қалдықтар А – сыныбы” деген тиісті жазумен таңбаланады.


Б және В сыныбы медициналық қалдықтарын жинауға мынадай талаптар қойылады:

- ✓ Түсі сары немесе сары түсті таңбалануы бар бір рет қолданылатын жұмсақ және қатты тесілмейтін қаптамаға жиналады. Қаптаманы қалдықтардың морфологиялық құрамына байланысты болады.
- ✓ Шанышпалы және үшкір заттар алдын ала бөлшектелмей және дезинфекцияланбай, тесілмейтін және суға төзімді ЖҚКЖҚ – ға жиналады.
- ✓ Б сыныбындағы органикалық, сұйық медициналық қалдықтарын жинау үшін олардың герметикалығын қамтамасыз ететін қақпағы бар суға төзімді контейнерлер пайдаланылады.
- ✓ Қалдықтарды жинауға арналған сыйымдылықтар мен арбаларда “Медициналық қалдықтар Б, В – сыныбы ” деген тиісті жазумен таңбаланады

Кубик лақтыру ойыны




**Қабылдау
бөлімшесіндегі
мейіргердің міндеті?**




**Антропометр
ия дегеніміз**


не?




**Битшеңдік айқындалғанда
санитарлық тазарту
жүргізгенде қолданылатын
препараттар?**



**Қол өңдеу деңгейлерін
ата?**







НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ